

**ТО ДСБ «№1 Облыстық перинаталдық орталығы» ШЖҚ МКК
жиналыс хаттамасы**

Шымкент қаласы

«26» 03 2026 жыл

Қатысқандар: №1 ОПО басшының орынбасары м.а.- М.А. Успанова, комплаенс-офицер— А.А. Сергазиева, бөлімдердің меңгерушілері, дәрігерлер мен медициналық қызметкерлері.

Күн тәртібі: Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V ҚРЗ Заңын түсіндіру.

Тыңдалды: Күн тәртібіндегі мәселе бойынша комплаенс-офицер — А.А. Сергазиева сөз сөйлеп, Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының негізгі талаптарын түсіндірді.

Атап айтқанда: сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидағтары;

мемлекеттік ұйымдар мен квазимемлекеттік сектор субъектілерінің міндеттері;

сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу шаралары;

мүдделер қақтығысын болдырмау;

қызметтік өкілеттіктерді жеке мақсатта пайдалануға жол бермеу;

сыйлықтар мен материалдық игіліктерді қабылдауға қатысты шектеулер;

сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар үшін көзделген жауапкершілік мәселелері түсіндірілді.

Сонымен қатар қызметкерлерге Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарын қатаң сақтау, қызметтік әдеп нормаларын бұзбау және сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жол бермеу қажеттігі ескертілді.

Қаулы етті:

1. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V ҚРЗ Заңының талаптары қызметкерлер назарына жеткізілсін.

2. Бөлімше меңгерушілеріне сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша түсіндіру жұмыстарын тұрақты жүргізу тапсырылсын.

3. Қызметкерлерге қызметтік міндеттерін орындау барысында заң талаптарын қатаң сақтау міндеттелсін.

Төрағалық етуші

Жиналыс хатшысы



М.Успанова

А.Сергазиева

ТО ДСБ «№1 Облыстық перинаталдық орталығы» ШЖҚ МКК
жиналыс хаттамасы

Шымкент қаласы

17 наурыз 2026 жыл

Қатысқандар: №1 ОПО басшысы-С.У. Джабагиева, комплаенс-офицер— А. Сергазиева, басшынның орынбасарлары және дәрігерлер мен медициналық қызметкерлері..

Күн тәртібі: Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне енгізілген өзгерістер, атап айтқанда 380-3-бап – медицина қызметкерлеріне қатысты күш қолдану немесе күш қолдану қатерін төндіру мәселесі.

Жиналыс төрағасы С.У. Джабагиева жиналысты ашып Түркістан облысының денсаулық сақтау басқармасы мемлекеттік мекемесінің 16.03.2026 жылғы №21/1213 санды хатын оқып таныстырды. Осы хат бойынша комплаенс-офицер А. Сергазиеваға сөз берді.

Комплаенс-офицер А. Сергазиева күн тәртібіндегі мәселе бойынша, 2026 жылғы 3 қаңтардағы №252-VIII ҚР Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне енгізілген жаңа 380-3-бап туралы ақпарат берді.

Аталған бап медицина қызметкерлеріне және жедел медициналық жәрдем көлігі жүргізушілеріне қатысты күш қолдану немесе күш қолдану қатерін төндіру үшін қылмыстық жауапкершілік көздейтінін атап өтті.

Сондай-ақ, баяндама барысында: күш қолдану қатері үшін көзделген жазалар, ауырлататын мән-жайлар, өмірге немесе денсаулыққа қауіпті күш қолдану жағдайындағы жауапкершілік туралы толық түсіндірілді.

Сұрақтар мен пікірлер: қатысушылар тарапынан медицина қызметкерлерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету және құқықтық қорғау мәселелері бойынша сұрақтар қойылды.

Қойылған сұрақтарға толық жауаптар берілді.

Қаулы етілді:

1. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 380-3-бабы туралы ақпарат назарға алынсын.
2. Медицина қызметкерлерінің құқықтық қорғалуын күшейту мақсатында түсіндіру жұмыстары жалғастырылсын.

Төрағалық етуші

Жиналыс хатшысы



С.Джабагиева

А.Сергазиева